

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскерлері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 24 желтоқсан N 274-ІІ

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері туралы" 1992 жылғы 23 маусымдағы Z922200_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 11-12, 290-құжат; N 24, 592-құжат; 1993 ж., N 8, 179-құжат; 1995 ж., N 1-2, 17-құжат; N 23, 155-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 8, 233, 247-құжаттар; 2001 ж., N 13-14, 174-құжат; 2001 жылғы 13 қазанда "Егемен Қазақстан" және 2001 жылғы 16 қазанда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне әскери қызметшілердің, құқық қорғау органдары және басқа да мемлекеттік органдар қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және оларды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2001 жылғы 10 қазандағы Z010247_ Қазақстан Республикасының Заңы) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Заң мәтініндегі "ІІМ" және "Қазақстан Республикасы ІІМ" деген сөздер алып тасталсын;

2) 1-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері (бұдан әрі - ішкі әскерлер) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді және жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қылмысты және өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан

қорғауға арналған.";

3) 2-бапта:

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"заңсыз қарулы құрамаларға қарсы күресу;

ерекше қауіпті құқық бұзушылықтарды, диверсияларды, террорлық актілерді, қарулы қақтығыстарды тыю және тайталасушы тараптарды ажырату;

Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі әскерлерге жүктелген басқа да міндеттерді шешу.";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Ішкі әскерлерге жүктелген міндеттерді орындауды:

ішкі әскерлерді әскери басқару органдары;
оперативтік мақсаттағы құрамалар мен әскери бөлімдер;
маңызды мемлекеттік объектілерді және арнайы жүктерді күзету
жөніндегі арнайы әскери бөлімдер;
түзеу мекемелерін күзету және айдап апару жөніндегі құрамалар мен
әскери бөлімдер;
арнайы моторландырылған құрамалар мен әскери бөлімдер;
ішкі әскерлердің әскери оқу орны;
ішкі әскерлердің қызметін қамтамасыз ететін әскери бөлімдер жүзеге
асырады.";

4) 4-бапта:
екінші бөлігіндегі бірінші сөйлем алып тасталсын;

үшінші бөлікте "төтенше жағдайлар кезіндегі" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ
Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі әскерлерге жүктелген басқа да
тапсырмаларды шешу жөніндегі" деген сөздермен толықтырылып, "құрамалары мен
бөлімдері жөніндегі" деген сөздер "бөлімдері мен құрамаларына қатысты" деген
сөздермен ауыстырылсын;

5) 8-баптың екінші абзацындағы "және Ішкі әскерлер Қолбасшысының Бас
басқармасы туралы ережені" деген сөздер алып тасталсын;

6) 9-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
"ішкі әскерлерді запастағы офицерлермен, келісім-шарт бойынша және
шақырылатын әскери қызметшілермен жасақтауды жүзеге асырады;"

7) 11-бапта:
тақырыбындағы және бірінші абзацтағы "Атқарушы өкіметтің жергілікті органдары
" деген сөздер "Жергілікті атқарушы органдар" деген сөздермен ауыстырылсын;
үшінші абзацтағы "әскери қызметшілер үшін белгіленген нормалар мен
жеңілдіктерге" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңдарына" деген сөздермен
ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:
"осы аумақтағы қоғамдық тәртіпті қорғауды тікелей жүзеге асыратын ішкі әскерлер
бөлімшелеріне материалдық-техникалық көмек көрсетуге құқығы бар.";

8) 13-бапта:
екінші абзацтағы "Қазақстан Республикасының ішкі әскерлері" деген сөздер "Ішкі
әскерлер" деген сөздермен, "арнайы моторландырылған полиция бөлімшелерін" деген
сөздер "ішкі әскерлердің оперативтік мақсаттағы әскери құрамаларын, бөлімдерін және
арнайы моторландырылған бөлімдерін" деген сөздермен ауыстырылып, "(

жағдаяттардың) зардаптарын жою" деген сөздерден кейін "және Қазақстан Республикасының заңдарымен ішкі әскерлерге жүктелген басқа да міндеттерді орындау" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші және төртінші абзацтардағы "арнайы моторландырылған полиция бөлімдері" деген сөздер "ішкі әскерлердің оперативтік мақсаттағы әскери құрамалары, бөлімдері және арнайы моторландырылған бөлімдері" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 14-баптың екінші бөлігіндегі "Министрлер Кабинеті" деген сөздер "Үкіметі" деген сөзбен ауыстырылсын;

10) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Ішкі әскерлердің Бас штабы

Ішкі әскерлердің Бас штабы ішкі әскерлерді әскери басқарудың негізгі органы болып табылады және әскерлерді тұрақты жауынгерлік әрі жұмылдырушылық әзірлікте ұстауға, ішкі әскерлердің құрылысы мен дамуы жоспарларын әзірлеу мен іске асыруға, олардың ұйымдық-штат құрылымын жетілдіруге, ішкі әскерлердің қызметтік-жауынгерлік істерін ұйымдастыруға арналған.

Бейбіт уақытта Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабымен бірлескен іс-әрекеттер нұсқаларын жоспарлайды.";

11) 17-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ішкі әскерлер адам құрамымен "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" және "Келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес эксаумақтық және аумақтық принциптер ұштастырыла отырып жасақталады.";

12) 21-баптың соңғы абзацындағы "жүктерді тасымалдау" деген сөздерден кейін нүктелі үтір қойылып, "жүктеледі." деген сөз алып тасталсын және мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"жанжал ауданын оқшауландыру және онда тосқауыл қою;

заңсыз қарулы құрамаларды қарусыздандыру мен жою, жанжал ауданындағы халықтан қаруды алып қою, жанжал ауданына іргелес аудандарда қоғамдық тәртіпті қорғау мен қауіпсіздікті күшейту жөнінде іс-шаралар жүргізу жүктеледі.";

13) 26-баптың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ішкі әскерлердің қару-жарағына кіретін қарулар, әскери техника мен олардың оқ-дәрілері, арнайы құралдар айналымының тізбесі мен тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

14) 28-баптың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Ішкі әскерлердің оперативтік мақсаттағы әскери құрамаларын, бөлімдерін және арнайы моторландырылған бөлімдерін тұрақты орналасқан мекендерінен алып кетіп, қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі міндеттерді орындауға немесе төтенше жағдайдың құқықтық режимін қамтамасыз ету мен төтенше жағдайлардың зардаптарын жою үшін ішкі істер органдарына көмек көрсету үшін, сондай-ақ заңсыз қарулы құрамаларға

қарсы күресу, жанжал ауданын оқшауландыру және онда тосқауыл қою, ерекше қауіпті құқық бұзушылықтарды, диверсияларды, террорлық актілерді, қарулы қақтығыстарды тыю және тайталасушы тараптарды ажырату, заңсыз қарулы құрамаларды қарусыздандыру мен жою, жанжал ауданындағы халықтан қаруды алып қою, жанжал ауданына іргелес аудандарда қоғамдық тәртіпті қорғау мен қауіпсіздікті күшейту жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін тарту Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Ішкі әскерлердің оперативтік мақсаттағы әскери құрамаларының, бөлімдерінің және арнайы моторландырылған бөлімдерінің адам құрамын тұрақты орналасқан мекендерінен алып кетіп, осы бапта көрсетілген оларға жүктелген міндеттерді орындауға тартудың ұзақтығы үш айдан аспауға тиіс.;"

15) 29-баптың тақырыбындағы және мәтініндегі "ІМ-інің ішкі әскерлер туралы Заңды" және "Қазақстан Республикасының ІМ-інің ішкі әскерлер туралы Заңды" деген сөздер "осы Заңды" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 33-баптың төртінші бөлігіндегі "тізбе бойынша" деген сөздер "тәртіп бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 37-бапта:

тақырыбы мен бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"37-бап. Ішкі әскерлердің әскери қызметшілері мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғау

Ішкі әскерлердің әскери қызметшілері мен олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғау Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілерін әлеуметтік және құқықтық қорғау мәселелері жөніндегі заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.;"

екінші сөйлемдегі "Министрлер Кабинеті, атқарушы және өкімші органдар" деген сөздер "Үкіметі, жергілікті атқарушы органдары" деген сөздермен ауыстырылып, абзацтан жазылсын;

18) 38-баптың тақырыбы мен мәтініндегі "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің" деген сөздер алып тасталып, "ішкі әскерлерін" деген сөздер "Ішкі әскерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 39-бапта:

екінші бөлігіндегі "белгіленген тәртіппен" деген сөздер "белгіленген тәртіппен және нормалар бойынша" деген сөздермен, "ұрыс техникасымен" деген сөздер "әскери техникамен" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлікте:

"полицияның оперативтік бөлімдері мен арнайы моторландырылған бөлімдері үшін" деген сөздер "ішкі әскерлердің оперативтік мақсаттағы әскери құрамалары, бөлімдері және арнайы моторландырылған бөлімдері үшін"

деген сөздермен ауыстырылсын;

"атқарушы өкімет органдары" деген сөздер "жергілікті атқарушы органдар" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.